ORLE ЖШС «Өрлеу» жеке балабақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы
Хаттамасы №1/1

Өткізілген уақыты: 01 қыркүйек 2026жыл
Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, педагог–психолог, тәрбиешілер, пән мұғалімдері

Күн тәртібінде:

1. 2026 жылғы «10» ақпандағы № 24 бұйрығымен бекітілген 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде бөбекжайда 2024–2027 оқу жылдарына өзін–өзі бағалау жүргізу.
2. Өзін–өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру.

Тыңдалды:

А.С.Зиеденова–меңгеруші

2026 жылғы «10» ақпандағы № 24 бұйрығымен бекітілген 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес 2026 жылдың қазан айында балабақша мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне 2024–2025; 2025–2026; 2026–2027 оқу жылдарына өзін–өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін–өзі бағалау материалдарын ұсынады. Мемлекеттік аттестаттау–мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы 5жылда 1 рет білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелерінде ҚР кәсіпкерлік кодексінің 137 бабы, 5 тармағына және ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес жүргізу.

Өзін–өзі бағалау: талдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы, жоспарлау құралдарын білім беру қызметін жақсартудың түзету механизимдерін қамту. Өзін–өзі бағалау білімді, білік пен дағдыларды бақылау жұмыстарын жүргізу.

Балабақшада өзін–өзі бағалауды жүргізу үшін 5 адамнан кем емес құрамды аттестаттау комиссиясын құру. Комиссия мүшелері 2024–2025; 2025–2026; 2026–2027 оқу жылдарының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін–өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды. Өзін–өзі бағалауды Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» басшылыққа ала отырып жүргізеді.

Сөз сөйлегендер:

А.С.Зиеденова–әдіскер

Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттары өзін–өзі бағалау өлшем шартгарына сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Өзін–өзі бағалау комиссия мүшелеріне төмендегідей құрам ұсынылады:

Комиссия төрағасы:
А.С.Зиеденова ORLE ЖШС «Өрлеу» жеке балабақша меңгерушісі
Комиссия мүшелері:
Ж.К.Шамуратова ORLE ЖШС «Өрлеу» жеке балабақша педагог–психологі
Н.Б.Мухамбетова ORLE ЖШС «Өрлеу» жеке балабақша тәрбиеші
А.Д.Сарсенова ORLE ЖШС «Өрлеу» жеке балабақша тәрбиеші
Г.Н.Еселбаева ORLE ЖШС «Өрлеу» жеке балабақша есепшісі

Шешім:

1. Бөбекжайда 2026 жылдың «01» қыркүйектен «25» қыркүйек аралығында 2024–2025; 2025–2026; 2026–2027 оқу жылдарына өзін–өзі бағалау жүргізілсін.
2. Өзін–өзі бағалауды өткізуге бұйрық негізінде комиссиялар жұмыстансын.

Төрайымы: А.С.Зиеденова

Хатшы: А.Д.Сарсенова